Жоғарыда көрсетілгендей қысқа мерзімдік болжам негізіне (2) формулада қызметтік тәуелділікте сипатталған ВІӨ мен тұтыну деңгейінің арасындағы байланыс жатады.

2.5 Сызықты регрессиялық модельдердің параметрлері есебі

Біздің жалпы модельмізді келесідей түрде жазамыз:

$$y_t = a_0 + a_1 \times x + \varepsilon_t \quad (3),$$

а a_1 = түзу көлбеу коэффициенті болғанда a_0 -еркін мүше.

Қарапайым теңдеудің түрі келесідей:

a және **b** теңдеу регрессиясы коэффициенттері болғанда

$$Y = aX + b; \quad (1 \text{ модель}) \quad (4)$$

теңдеу регрессиясы коэффициенттері бағасы ең кішкентай квадраттар әдісімен орындалып, модель төмендегідей түрді қабылдады:

$$Y = 133,7X + 1400,3; \quad (\text{модель } 1) \quad (5)$$

Сызықты регрессиялық моделдердің түзулігін тексеру

(5) теңдеу үшін регрессия коэффициентінің статистикалық мәніне баға жасалды. Нөлдік гипотеза ұсынылды және тексерілді. Модельде тәуелсіз айнымалы және ВІӨ (1 кесте) арасындағы күшті тәуелділік детерминациясының 1 коэффициенті 0,986 тең екендігін көрсетеді.

3 кесте – Регрессия теңдеулерінің сенімділіктері мен дәлдік деңгейінің статистикалық параметрлерінің бағасы

Статистикалық параметрлер	$Y = 133,7X + 1400,3$
Se1,Seb- регрессия коэффициенттерінің стандартты қателіктері	9,903 196,03
r – корреляция коэффициенті	0,986
r ² детерминация коэффициенті	0,974
F - бақылау	144
F- крит	6,61
α – айнымалылар арасындағы байланыстың тығыздығы туралы қате қорытындының ықтималдығы	0,05
T _{бақылау}	12,1
t _{крит}	2,57
v ₁	6-5= 1
v ₂	5

F-тесті арқылы аталған нәтиженің осындай (r^2) жоғары мәнде болуы кездейсоқтық емес екендігін анықтаймыз. Біз, тура шамадағы іріктеу бойынша күшті тәуелділіктерге алып келетін айнымалы немесе статистикалық талдаудың аралығында байланыстың жоқтығы туралы ұсыныс жасадық. α шамасы тығыз байланысы бар қате қорытындының ықтималдығын белгілеу үшін қолданады. ВІӨ параметрлерінің статистикалық мәні мен көлбеу коэффициентінің пайдасын анықтауда модельдердің параметр бағасы үшін, Фишер-Снедекор критерийлері мәнінің $F_{кесте}$ (кестелік) критерийлік және $F_{нақты}$ нақты салыстыру орындалды.


Статистикалық гипотез тексеруі 1 модель бойынша болжауды есеп айырысу мүмкіндігін көрсетті. ОБЗ және ВІӨ тұтыну деңгейі арасындағы статистикалық тәуелділік көрінісінің тепе-теңдігі Детерминация коэффициенті жоғары екендігін көрсетеді.

Біз бұдан әрі осы суыту секторы үшін осы секторда ие болатын тұтынудың (ГХФК-22 және 142b) Қазақстандағы ОБЗ негізгі тұтыну үшін «көшу» заттарының есебін жүргіздік.

Есеп айырысу Монреаль хаттамасына қатысты «көшу» заттары мен осы баға бойынша жүзеге асырылатын затты сатып алу жағдайында шараларды қолданбаған жағдайларда орындалды.

2.6 Сызықты регрессия негізіндегі ОБЗ тұтыну болжамы

3 суретте «көшу» заттары мен ВІӨ 1 моделі бойынша тұтыну деңгейі арасындағы қызметтік тәуелділігінің сызбасы келтірілген.



3 сурет - ОБЗ тұтыну деңгейінің сызықты тренді

Бұдан әрі 2006-2010 жж. кезеңіне арналған ОБЗ тұтыну деңгейіне есеп айырысу болжамдары орындалды.

4 кесте – 2008-2010 жж. кезеңіне арналған ОБЗ тұтыну деңгейінің мәні.

	2004	2005	2006	2007	2008	2009	2010
ОБЗ тұтыну, ОБЖ тонна	58,3	46,4	79,9	61	63	65	67

2008 жылға әсіресе, 2008 жылға алынған мәндерде көптеген регрессиялық моделін пайдалана отырып анықтап алу қажет.

Ұзақ мерзімді болжау көптеген регрессиялық талдауға сүйенуі керек. Математикалық көзқарас жағынан қарағанда кейбір функциялардың максимумы немесе минимумы болып табылатын міндеттер класын зерттеу туралы сөз етілетіні белгілі болады. Бұл ретте максимумның немесе минимумның жүзеге асу саласы аналитикалық тәуелділіктер түрінде экономикалық, техникалық жағдайлары шектелген. Мұндай міндеттерді шешудің әдістерін таңдау алдымен бұл жағдайлар қандай математикалық пішінде берілгендігі себебіне байланысты анықталады. Мұндай модельдердің нақты бағасы оның дамытуын тенденция ескерген, онда өндірістің өзара байланысы қаншалықты дұрыс бейнеленген, ақпараттың толықтығы мен нақтылығымен тығыз байланысты.

Зерттеуді жоспарлауға арналған бастапқы мәліметті анықтау кезеңі өте маңызды. Бір типтегі міндеттердің бірнеше нұсқалары болуына және шешім әдістерінен тұратындығына қарамастан жалпы ереже ретінде олар үшін соңғы-ұтымды шешімге жол беретін көшудің бірізділіктегі қағидасы болып табылады.

3 ТАРАУ ҚҰҚЫҚТЫҚ АҚПАРАТ

3.1 Халықаралық келісімдер

Қазақстан 1998 жылы озон қабатын бұзушы заттар бойынша Монреаль хаттамасы мен озон қабатын қорғау туралы Вена конвенциясына қосылды. 2002 жылы мамырда Лондон түзетуі бекітілді /А қосымшасы/.

Қазақстан Вена конвенциясы және Монреаль хаттамасына қосыла отырып озон қабатын бұзушы шығарынды заттарды реттеу бойынша тиісті шараларды қолдануда міндеттерді өз қолына алды.

2001 жылы қарашада Тараптардың жиналысында Монреаль хаттамасымен Қазақстанға қатысты келесі шешімдер қабылданды:

2002 күнтізбелік жылда ОБЖ 162 тоннаға дейін ХФК тұтынуды және 2003 жылы ОБЖ 54 тоннаға дейін қысқарту; және 2004 жылдың 1 қаңтарына ХФК тұтынуды тоқтату (Тараптармен рұқсат етілген негізгі түрлерді қолдануды қоспағанда);

2003 жылдың 1 қаңтарына ОБЗ импорты мен экспортын лицензиялау жүйесін құру;

2003 жылдың 1 қаңтарына ОБЗ қолданылатын импорт жабдықтарына тыйым салуды жүргізу;

2002 күнтізбелік жылда ОБЖ 5,08 тоннаға дейін галондарды тұтынуды қысқарту және 2003 жылдың 1 қаңтарына галондарды тұтынуды тоқтату;

2002 жылдың 1 қаңтарына тетрахлорметан және метилхлороформаны тұтынуды тоқтату (Тараптармен рұқсат етілген негізгі түрлерді қолдануды қоспағанда);

2002 күнтізбелік жылда ОБЖ 2,7 тоннаға дейін бромды метилді тұтынуды және 2003 күнтізбелік жылда ОБЖ 0,44 тоннаға дейін тұтынуды қысқарту және 2004 жылдың 1 қаңтарына бромды метилді тұтынуды тоқтату;

Жоғарыда 2 тармақта көрсетілген А, В және Е қосымшаларына енгізілген барлық реттеуші заттардан 2004 жылдың 1 қаңтарына Қазақстанға толықтай бас тартуға мүмкіндік беретін шараларды көрсету. Осыған байланысты Тараптар Қазақстанға озон қабатын бұзбайтын альтернативке қолдануға көшуде сәйкестендірілген мекеме-орындаушылармен бірлесіп табанды қол жеткізуге шақырады.

ГХФК қатысты (көшу заттары) Қазақстан келесі сызбаны ұстануы қажет:

XIX/6 шешімі: I топтың С қосымшасына енгізілген Монреаль хаттамасындағы заттарға қатысты түзетулер (гидрохлорфторкөміртектер)

Тараптар өндірісті және гидрохлорфторкөміртекті (ГХФК) тұтынуды кезең-кезеңмен тоқтату процесін жылдамдатуда Монреаль хаттамасының келесі қосымшасы негізінде 2 бабы 9 тармағына сәйкес Тараптардың он екінші жиналысы баяндамасының III қосымшасына келтірілген өзгерістер енгізу жолымен қаулы етеді:

1. Тараптар үшін қолданыстағы Хаттаманың 5 бабы 1 тармағы шеңберінде (Тараптар қолданыстағы 5 бап шеңберінде) 2009 және 2010 жылдарға арналған тұтыну және өндірістің орташа деңгейінде белгіленген базалық деңгей ретінде таңдау; және

2. базалық деңгейде 2013 жылдың тұтыну және өндірісті тоқтату;

3. Тараптар үшін қолданыстағы Хаттаманың 2 бабы шеңберінде (Тараптар қолданыстағы 2 бап шеңберінде) келесі қысқарту кезеңдеріне сүйене отырып 2020 жылға арналған тұтыну және өндірісті кезең-кезеңмен тоқтатудың жылдамдатылған процесін аяқтау:

a) 2010 жылға – 75 %;

b) 2015 жылға – 90 %;

c) бұл ретте 2020-2030 жылдардың жабдықтарға қызмет көрсету үшін 0,5% ескеру.

Қазіргі таңда озон қабатын бұзушы заттар бойынша Монреаль хаттамасына, Копенгаген және Монреаль Түзетулеріне қосылу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Монреаль түзетулері ОБЗ импорты мен экспортын лицензиялау жүйесін айқындауда талаптар қояды. Жүйелерді құру мақсаты - Хаттама шеңберінде міндеттерді орындауға арналған ОБЗ импортын шектеу.

Копенгаген түзетуі гидрохлорфторкөміртекті (ГХФК) мен гидробромфторкөміртектің сонымен қатар бромды метилді қосымша тізіммен реттеу шараларын енгізеді.

3.2 Озон қабатын қорғауға қатысты ұлттық заңнамалар, әкімдік және құқықтық шаралар;

Қазақстан ОБЗ тұтынуды біртіндеп қысқарту үшін елде және Хаттама және Конвенция бойынша міндеттерді орындаудың қадамдарын жасауда. 1999 жылдың қарашасында Қазақстан Үкіметімен құрамды бөлігі мемлекеттік реттеуге жататын құрамында ОБЗ бар өнімдер және ОБЗ тізбе қосымшасымен құрамында ОБЗ өнімдер мен озон бұзушы заттарды әкелу/әкету туралы Ереже болып табылатын №1716 қаулы шығарылды.

Қазақстан Вена конвенциясының 2 бабы b тармағына сәйкес қызметтер озон қабатының жағдайына өзгерістер немесе қолайсыз ықпалдар немесе жағымсыз өзгерістер жасайтын мүмкіндіктер туғызатын болса адамның қызметін алдын алулар немесе қысқартулар, шектеулер, бақылау бойынша әкімдік немесе заңнамалық шаралар қолданады.

ОБЗ импорт/экспортқа рұқсаттар жүйесін енгізу озон бойынша Секретариатқа есептер ұсыну және мәліметтерді жинақтауға көмек көрсету және ОБЗ заңсыз сауда жасауды алдын алу үшін және Хаттамадан шығатын ел міндеттемелеріне сәйкес ОБЗ импортын реттеуге мүмкіндіктер жасайды.

Осыған байланысты ОБЗ пайдаланушы жабдықтарды жөндеу және монтаждауға, өндіріске байланысты деталділікке және ОБЗ экспорты мен импортына лицензиялау жүйесін енгізу туралы *2004 жылғы 8 қаңтарда ҚР Үкіметінің №19* қаулысы қабылданып, Үкіметтің 2007 жылғы 18 маусымдағы №508 жаңа Қаулысымен жаңартылып, қайта қарастырылды.

Лицензиялауға мыналар жатады:

- олардың өнімдерінің құрамында бар озон бұзушы заттардың импорты мен экспорты
- озонбұзушы заттарға жұмыс жасайтын жабдықтарға қызмет жасау, жөндеу, монтаждау сонымен қатар олардың өнімдерінің құрамында бар озон бұзушы заттарды пайдалану арқылы жұмыстарды өндіру.

2005 жылғы 13 желтоқсандағы №93 міндетті экологиялық сақтандыру туралы заңда ОБЗ тұтынуды төмендетуге жағдай жасайтын ставкалар енгізілген.

«Технологиялық құнсыз демпинг» проблемасы заңсыз қызмет түріне жатпайтындығына қарамастан бұл проблема бір уақытта пайда болады. Бірнеше дамыған елдер қазіргі таңда саудамен немесе ескірген немесе дамыған елдерде бұрын қолданыста болған құрамында ОБЗ бар жабдықтарды қолдануда. ОБЗ қолдануда бұдан әрі кеңейтілген түрде бақылау жасалатын болса бұл процестер үдей түседі. Қазақстанда «Технологиялық құнсыз демпинг» проблемасын болдырмау үшін құрамында ОБЗ бар жабдықтар импортына шектеулер енгізу *2005 жылғы 22 маусымда №617 Қаулыны* қабылдау жолымен жүзеге асырылды. Аталған қаулымен ОБЗ импортының А және В тізімдері мен құрамында аталған заттар бар жабдықтарына тыйым жасалды.

ҚР 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212 қаулысымен «Экологиялық кодекс» ОБЗ тұтынуға бақылау және есеп енгізілді сонымен қатар, тұтынуға квота берілді. Экокодекстің 143 бабы озон бұзушы заттарды тұтыну мониторингін қарастырады.

Оқыту орталықтары құрылды. Оңтүстік аймақта (Алматы қаласы) Қазақ экология және климат ғылыми-зерттеу институтының жанынан озон бұзушы заттармен жұмыс жасау бойынша қауіпсіздік ережелері мен техникалық пайдаланымдарды қолдану ережелерін оқыту бойынша курстар жүргізілетін озон қабатын қорғау және климатты өзгерту (Қызылорда, Жамбыл, Оңтүстік-Қазақстан, Алматы облыстары) Орталығы құрылды.

Елдің Солтүстік Оңтүстік аймағында (Астана қаласы) озон бұзушы заттармен жұмыс жасау бойынша қауіпсіздік ережелері мен техникалық пайдаланымдарды қолдану ережелерін оқыту

бойынша «Озон-климаты» Оқу-өндірістік (Павлодар, Көкшетау, Қарағанды, Ақтебе, Петропавл, Ақмола облыстары) Орталығы құрылды.

Тоңазытқыш мамандарына арналған «Суыту секторындағы жұмыстарды жүргізудің қазіргі таңдағы әдістемелері» әдістемелік құралдары мен «Қазақстандағы ОБЗ импортын/экспортын реттеу» атты кеден офицерлеріне басшылықтар басылып шықты.

Озон бойынша Секретариатқа ұсынылатын мәліметтер

Озон бойынша Секретариатқа мәліметтер ұсыну Тараптардың міндеттерін орындауға бақылауды қамтамасыз етуде маңызды мәні болады. Монреаль хаттамасы шеңберінде мәліметтерді ұсыну әрбір Монреаль хаттамасы Тараптары үшін заңды міндеттеме болып табылады (7 бап).

ОБЗ кезеңмен қысқарту стратегиясын жүзеге асыруда бақылауды іске асыруға мүмкіндік беретін ұлттық деңгейде сонымен қатар Тараптармен қабылданатын міндеттерді орындау жоспарында маңызды шешуші мәліметтері болады. Ұлттық деңгейде шешім қабылдайтын жауапты тұлғалар бұл заттарды реттеу бойынша тиісті шаралардың сенімді мәліметтерінсіз сипаттауға, қолданудың кезеңін қысқартудың реалистік стратегиялары жасауға және қажетті қаржы және техникалық көмекпен қамтамасыз ете алмайды. Мәліметтерді талдау және түгендеу талап ретінде ғана емес сонымен қатар, бұл маңызды істе пайдалы жабдық ретінде қарастырылады.

Әрбір Тарап жыл сайын ОБЗ өндіру, әкелу, әкету секторлары бойынша тұтыну жөніндегі мәліметтерді қоса алғанда барлық реттеуші заттар бойынша мәліметтерді ұсынып отырады.

Реттеуші заттар бойынша мәліметтер туралы жылдық баяндамалармен қатар секретариат қорына Монреаль хаттамасы бойынша әкімдік және ұйымдастырылған қолдауды қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар туралы ақпараттар ұсынылады.

Мәліметтерді жинау, әзірлеу және талдау озон бойынша Секретариатпен, Көпқырлы қорлар және басқа халықаралық ұйымдармен әзірленіп Монреаль хаттамасы Конвенция Тараптарымен бекітіліп халықаралық Басшылыққа сәйкес орындалады.

АҚПАРАТ КӨЗДЕРІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

1. Өзгерген озон қабаты / Румен Божков – БМҰ және ЮНЕП, 1995. – 32 бет.
2. Ю.А.Израэль Экология және табиғи орта жағдайын тексеру. - М.: Гидрометеобаспа, 1984. - 560 беттер.
3. У.Кокрен Зерттеудің іріктеу әдістері, Мәскеу/Ағылшын тілінен аударма-«Статистика», 1976.
4. В.П.Крюкова Озон қабаты және Монреаль хаттамасы.//Гидрометеорология. - 2003. – №7 жинақ.
5. Озон қабатын қорғау шаралары – озон бойынша Секретариат, ЮНЕП, 1996. – 19 бет.
6. Озон қабатын бұзушы заттар бойынша Монреаль хаттамасы - ЮНЕП, озон бойынша Секретариат, 2000.-55 бет.
- 7 Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамудың ортамерзімді жоспары туралы: ҚР 31.08.2004. №917 қаулысы.
- 8 Қоршаған ортаны қорғау туралы: ҚР 15.06.1997 №160 Заңы.
- 9 Шаруашылық қызметтердің экологиялық қауіпті түрлері тізбесі және оларды міндетті мелекеттік лицензиялау Ережелерін бекіту туралы: ҚР 08.01.2004. №19 Қаулысы // 11.02.2004. №28 Казахстанская правда.Қазақстан Республикасының ҰҚАЖ, 2004 ж. № 1. 10 б.
- 10 Қоршаған ортаны қорғау және табиғат ресурстары мониторингінің Бірыңғай мемлекеттік Ережелелерін ұйымдастыру және жүргізуді бекіту туралы: ҚР 27.06.2001. №885 Қаулысы.
- 11 Ғылыми-зерттеу жұмыстары туралы есеп. - ҚОКМҚазҒЗИ, 1997. – 155 б.
- 12 П. Ревелль, Ч. Ревелль Біздің өмір сүру ортамыз. 2 кітап. Су және ауаның ластануы. - М.: Әлем, 1995.
- 13 Озон қабатын қорғау саласындағы халықарлық келісімдер бойынша басшылық – Озон бойынш секретариат, ЮНЕП, 2000. – 432 б.
- 14 Монреаль хаттамасы шеңберіндегі мәліметтерді ұсыну бойынша басшылық - Монреаль хаттамасын жүзеге асыруға арналған Көпқырлы қор, ЮНЕП, 1999. – 114 б.

B5 кестесі - 2007 жылдың құрамында ОБЗ бар өнімдер импорты

ОБЗ/өнімнің атауы	саны, дана	Жеке/заңды тұлғаның атауы	Экспортер ел
Ауа тазартқыштар			
Ауа тазартқыштар	420	Алматы қаласы, Манас көшесі 7 үй, 45 пәтер «Оазис» НИК ЛЭНД салоны ЖШС	Қытай
Ауа тазартқыштар	25460	Астана қаласы, Луганский көшесі 54/1 «Startex» ЖШС	Корея
Ауа тазартқыштар	1543	Астана қаласы, Луганский көшесі 54/1 «Startex» ЖШС	Израиль
Ауа тазартқыштар	1530	Алматы қаласы, Достық даңғылы 91/1 «Алси» ЖШС	Қытай GPEE lectricAPPLIANCES INC
Ауа тазартқыштар	48000	Алматы қаласы Казахфильм шағын ауданы 80/64 «Кокси-Алиет Групп» ЖШС	
Ауа тазартқыштар	72000	Алматы қаласы 2,50/45 шағын ауданы «Астам – KZ» ЖШС	Қытай
Конднес. Блоктар	4	Алматы қаласы 8 шағын ауданы, Абай даңғылы 4А 509 кеңсе «ТБК» ЖШС	Финляндия
Ауа тазартқыштар	2339	«Алси» ЖШС	Қытай
Ауа тазартқыштар	3064	«Startex» ЖШС	Қытай
Ауа тазартқыштар	50	Алматы қаласы, Орбита 3 шағын ауданы 16-120 «КазВентСервис» ЖШС	Қытай
Ауа тазартқыштар	30	Алматы қаласы, Фурманов көшесі 103 үй, 309 кеңсе «SANADA Промхолодмонтаж» ЖШС	Израиль
Ауа тазартқыштар	8670	Шымкент қаласы, Нефтебаза тас жолы 32, «Фирма Иннас» ЖШС	Қытай
Ауа тазартқыштар	5565	Алматы қаласы, Молодежная	Корея

		көшесі 2А, «ЭлДжи Электроникс Алматы» АҚ	
Ауа тазартқыштар	47080	Алматы облысы, Іле ауданы, Байсерке ауылы, Арқатас көшесі 2/3 «Эльда» ЖШС	Қытай
Ауа тазартқыштар	40000	Шымкент қаласы, Тәуке хан көшесі 63 «АVАСОМ» ЖШС	Қытай
Ауа тазартқыштар	31	Қарағанды қаласы, Мұстафин көшесі, 7/19 «Колизей СҮ» ЖШС	Ресей
Ауа тазартқыштар	7	Атырау қаласы, Абай көшесі 3 «СТР Prosecis» ЖШС	Польша
Конденс.блоктар	21	«ТВК» ЖШС	Финляндия
Ауа тазартқыштар	76	«ЭлДжи Электроник Алматы» ЖШС	Корея
Ауа тазартқыштар	7	«Startex» ЖШС	Қытай
Ауа тазартқыштар	2	Курчатов көшесі, Красноармейская көшесі 10, «Атом энергетикасы Институты» ЖТО	Ресей
Ауа тазартқыштар	1	Өскемен қаласы, Промышленная көшесі 1, «Казцинк» АҚ	Ресей
Тоңазытқыштар мен тоңазыту жабдықтары			
Тоңазытқыш камерасы	1	Астана қаласы, Сарыарқа көшесі 95, «Millenium-West» ЖШС	Ресей
Тоңазытқыштар	100000	Орал қаласы, Гагарин көшесі 2/3 «Квант» ЖШС	Ресей
Сүт жабдықтары	1	Алматы облысы, Райымбек ауданы, Кеген ауылы Төлебаев көшесі 10, «Барыс» кооперативі	Қытай
Тоңазытқыш жабдықтары	200	Қостанай қаласы, Чкалов көшесі 5-19, Әлмағамбетов ЖК	Ресей
Тоңазытқыш жабдықтары		Ақтөбе қаласы, Әбілхайырхан даңғылы 17/23 «Ақтөбе-Экорт» ЖШС	Ресей
Тоңазытқыштар	9	Атырау қаласы, Сәтпаев көшесі	Әзірбайжан

		28/7, «Industrial Services Solutions Ltd» ЖШС	
Полуретан жиһазының А компоненті	157,5	Астана қаласы, Өндіріс аймағы 21, ТОО «Қазақстан құбыр зауыты» ЖШС	

2007 жылдың озонбұзушы заттар импорты туралы мәліметтер

Г6 кестесі – озонбұзушы заттардың импорты/экспорты

1. Егер сіздің елдің тарапынан ХФК импорттаса, онда мына форманы толтырыңыз, ГХФК, галондар, метилфлороформ, тетрахлорметан немесе бромды метил

1 мәлімет формасы

ИМПОРТ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

2. Форманы толтырмас бұрын I Нұсқаулықты мұқият оқуыңыз сұралады

Метрлік тонналарда (ОБЖ тонналарында емес)А, В, С және Е Қосымшаларында көрсетілген заттар

Тараптар: _____

2007 жылдың қаңтар-желтоқсан кезеңі

ҚОСЫМША/ТОП	ЗАТТАР	БАРЛЫҒЫНА АРНАЛҒАН ЗАТТАРДЫҢ ЖАЛПЫ САНЫ		ШИКІЗАТ ТҮРІНДЕ ИМПОРТТАЛҒАН ЖАҢА ЗАТТАР САНЫ	ТАРАТЫЛЫП ҚОЛДАНУДЫҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ ҮШІН ИМПОРТТАЛАТЫН ЖАҢА ЗАТТАР САНЫ ЕСКЕРТУ
		ЖАҢА	РЕКУПЕРИРЛЕНГЕН НЕМЕСЕ ЖОЙЫЛҒАН		
1	2	3	4	5	6
I Топ - А	ХФК-11 (CFC ₁₃)				
	ХФК-12 (CFC ₂ Cl ₂)				

	ХФК-113 (C ₂ F ₃ Cl ₃)				
	ХФК-114 (C ₂ F ₄ Cl ₂)				
	ХФК -115 (C ₂ F ₅ Cl)				
II Топ - А	Галлон 1211 (CF ₂ BrCl)				
	Галлон 1311 (CF ₃ Br)				
	Галлон 2402 (C ₂ F ₄ Br ₂)				
II Топ - В	ХФК-13 (CF ₃ Cl)				
II Топ - В	Тетрахлорметан (CCl ₄)				
III Топ - В	Метилхлороформ иои 1,1,1-				
	трихлорэтан (C ₂ H ₃ Cl ₃)				

1 мәліметтер формасы (жалғасы)

ҚОСЫМША /ТОП	ЗАТТАР	ШИКІЗАТ ТҮРІНДЕ ҚОЛДАНУДЫҢ БАРЛЫҚ ТҮРЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН ИМПОРТТАЛҒАН ЗАТТАРДЫҢ ЖАЛПЫ САНЫ		ТАРАТЫЛЫП ҚОЛДАНУДЫҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН ИМПОРТАЛҒАН ЖАҢА ЗАТТАР САНЫ	ИМПОРТҚА АРНАЛҒАН ЖАҢА ЗАТТАР САНЫ
		ЖАҢА	РЕКУПЕРИРЛЕНГЕН ЖӘНЕ ЖОЙЫЛҒАН		
1	2	3	4	5	6
I Топ-С	ГХФК-21 (CHFCl ₂)				
	ГХФК-22 (CHF ₂ Cl)	905			
	ГХФК-31 (CH ₂ FCl)				
	ГХФК-123 (C ₂ HF ₃ Cl ₂)				
	ГХФК-124 (C ₂ HF ₄ Cl)				
	ГХФК-133 (C ₂ H ₂ F ₃ Cl)				
	ГХФК-141b	79,6			

	(CH ₃ CFCl ₂)				
	ГХФК-142b (CH ₃ CF ₂ Cl)	95,3			
	ГХФК-225 (C ₃ HF ₅ Cl ₂)				
	ГХФК-225ca (CF ₃ CF ₂ CHCl ₂)				
	ГХФК-225cb (CF ₂ ClCF ₂ CHClF)				
II-Топ С	ГБФК				
I-Топ Е	Бромды метил (CH ₃ Br)	100			

3 қосымшасы

Д7 кестесі – 2000...2007 жылдарға ОБЗ тұтынуы., ОБЖ тонна

Химиялық заттар/жылдар	2000	2001	2002	2003	2004	2005	2006	2007
I топ, А қосымшасы								
ХФК-11	75,00	43,00	18,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00
ХФК- 12	328,89	183,00	82,00	30,40	11,23	0,00	0,00	0,00
ХФК-113	120,00	64,00	12,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00
Барлығы I топтың А қосымшасы үшін	523,89	290,00	112,00	30,40	11,23	0,00	0,00	0,00
II топтың А қосымшасы								
1211 галоны	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00
2402 галоны	13,20	7,20	2,40	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00
Барлығы II топтың А қосымшасы үшін	13,20	7,20	2,40	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00
II және III топтардың В қосымшасы								
ТХК	1,65	0,55	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00
ЗТМ	0,02	0,01	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00
Барлығы ОБЖ II және III топтардың В қосымшасы үшін	1,67	0,56	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00
С және Е қосымшасы								
ГХФК-22	3,60	6,20	8,25	10,60	21,24	21,6	45,7	49,8
ГХФК-141b	37,73	40,70	16,5	14,74	11,35	10,9	8,3	6,2
ГХФК-142b	0,80	1,44	7,15	8,20	7,49	7,58	6,06	6,19
БрМ	16,92	15,00	17,7	6,42	6,87	6,36	19,8	60
Барлығы С және Е қосымшалары үшін	59,05	63,34	49,60	39,96	46,95	40,40	79,86	122,15
Жиыны	597,81	361,10	164,00	70,36	58,18	40,40	79,86	122,15

Қазақстан Республикасының Озон қабатын қорғау жөніндегі Вена конвенциясына қосылуы туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1997 жылғы 30 қазан N 177-І

Қазақстан Республикасы 1985 жылғы наурызда қабылдаған Озон қабатын қорғау жөніндегі Вена конвенциясына қосылсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті

ОЗОН ҚАБАТЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ ВЕНА КОНВЕНЦИЯСЫ ҚОРЫТЫНДЫ АКТІСІ

Озон қабатын қорғау жөніндегі өкілетті өкілдер
конференциясының қорытынды актісі

1. Озон қабатын қорғау жөніндегі өкілдер конференциясын Біріккен Ұлттар Ұйымының Айналадағы орта жөніндегі Бағдарламасының (ЮНЕП) атқарушы-директоры ЮНЕП Басқарушыларының кеңесі 1984 жылғы 28 мамырда қабылданған 12/14 шешімінің 1 бөлімінің 4 тармағын атқару мақсатында

шақырған болатын.

2. Конференция 1985 жылғы 18-22 наурызда Венаның халықаралық орталығында, Вена, Австрия Республикасы үкіметінің тарапынан көрсетілген қолдау арқылы өтті.

3. Конференцияға барлық мемлекеттер шақырылды. Конференцияға шақыруды қабыл алып, оның жұмысына қатысқан мемлекеттер мыналар:

Австралия, Австрия, Аргентина, Беларусь КСР-і, Бельгия, Бразилия, Венесуэла, Германия Федеративтік Республикасы, Греция, Дания, Египет, Ирландия, Испания, Канада, Люксембург, Марокко, Мексика, Нигерия, Нидерланды, Жаңа Зеландия, Норвегия, Перу, Сенегал, Ұлы Британия Біріккен Корольдігі мен Солтүстік Ирландия, Америка Құрама Штаттары, Кеңес Социалистік Республикалары Одағы, Украин КСР-і, Филиппины, Финляндия, Франция, Чили, Швейцария, Швеция, Жапония.

4. Конференция жұмысына:

Болгария, Индонезия, Қытай, Тунис, Уругвай, Эквадор, Югославия мемлекеттерінен байқаушылар қатысты.

5. Конференцияға сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымының мына органдарынан, мынадай мамандандырылған мекемелерден, үкіметаралық және үкіметтік емес ұйымдардан:

Өнеркәсіптік даму жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымынан, Бүкіл дүниежүзілік метеорология ұйымынан, Еуропа Экономикалық қауымдастығынан, Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымынан, Химия өнеркәсібі федерацияларының Еуропалық кеңесінен, Халықаралық сауда палатасынан, Аэрозолдер жөніндегі еуропалық қауымдастықтар федерациясынан байқаушылар қатысты.

6. Конференцияның ашылу рәсімінің барысында қатысудың алдында Австрия Республикасы үкіметінің атынан федералдық денсаулық сақтау және айналадағы ортаны

қоршау министрі д-р Курт Штейрер құттықтау сөз сөйледі. Конференцияны ресми түрде ЮНЕП-тің атқарушы директоры,

Конференцияның бас хатшысы міндетін орындаушы д-р Мұстафа К. Толба ашты, ал Атқарушы хатшы болып Джерри О, Делл мырза тағайындалды.

7. Конференция Төраға етіп бір ауыздан Вифрид Ланге мырзаны (Австрия) сайлады.

8. Конференция сондай-ақ мына лауазымды адамдарды да сайлады:

Төрағаның орынбасарлары: Джеральдо Эулали до Насчименто э Сильва м-за (Бразилия) Мохамед эль Тахер Шаш м-за (Египет)
Руне Леннгрен м-за (Швеция)
Юрий Седунов м-за (Кеңес Социалистік Республикалар Одағы)

Баяндамашы: Виллем Какебееке м-за (Нидерланды)

9. Конференция мындай күн тәртібін бекітті:

1. Конференцияны ашу.
2. Ұйымдастыру мәселелері:

- a) ресімдік ережелерді бекіту;
- b) Төраға сайлау;
- c) Төрағаның орынбасарларын және Баяндамашыны сайлау;
- d) күн тәртібін бекіту;
- e) өкілеттіктерді тексеру жөнінде Комитет тағайындау;
- f) Редакциялық комитет дайындау;
- g) Конференцияның жұмысын ұйымдастыру.

3. Озон қабатын қорғау жөніндегі Конференцияның және оған жасалған техникалық ұсыныстарды қарау.

4. Хлорфторкөміртегі туралы хаттаманың жобасына қатысты Озон қабатын қорғау туралы кең ауқымды тұғырлық Конференция дайындау жөніндегі Хұқықтық және техникалық мәселелер бойынша Сарапшылардың арнаулы жұмыс тобының баяндамасын қарау.

5. Өкілеттіктерді тексеру жөніндегі Комитеттің баяндамасын қарау.

6. Тиісті тәртіппен Конвенция және басқа құжаттарды қабылдау.

7. Конференцияның Қорытынды актысын қабылдау.

8. Қорытынды құжаттарға қол қою.

9. Конференцияны жабу.

10. Конвенция өзінің ресімдік ережелерді ретінде хатшылық ұсынған UNEP (IG. 53/2) құжатын оған енгізілген түзетулерімен бірге UNEP (IG. 53/2/Corr. 1) бекітті.

11. Ресімдік ережелеріне сәйкес Конференция мынадай комитеттер құрды:

Толық құрамды комитет

Төрағасы: Конференцияның төрағасы

Бас комитет

Төрағасы: Конференция төрағасы

Комитеттің мүшелері: Конференция Төрағасының Орынбасарлары, Баяндамашы және Редакциялық комитеттің төрағасы

Редакциялық комитет:

Төрағасы: Альберто Л. Даверед м-за (Аргентина)

Комитет мүшелері:

Вагих Саид Ханафи м-за (Египет)
Сату Нурми ханым (Финляндия)
Филипп Серьорен м-за (Франция)
Вадим Бакумов м-за (КСРО)
Патрик Зелл м-за (Біріккен корольдік)
Скотт А. Хеджост м-за (АҚШ)

12. Конференцияның жұмысы үшін мынадай басты құжаттар негіз болды:

- Озон қабатын қорғау туралы Конвенцияның бесінші қайта қаралған жобасы UNEP (IG. 53/3)

- Озон қабатын қорғау туралы кең ауқымды тұғырлық Конвенция әзірлеу үшін құрылған хұқықтық және техникалық мәселелер жөніндегі сарапшылардың арнаулы жұмыс тобының түпкілікті баяндамасы UNEP (IG. 53/4)

13. Осыған қосымша ЮНЕП хатшылығы Конференцияға басқа да бірқатар құжаттар табыс етті.

Озон қабатын қорғау туралы Конвенцияны жүзеге асырудың қаржылық нәтижесі: қайта қаралған смета және БМҰ табыс еткен түсініктемелер (UNEP /WG/94/13, UNEP/WG. 94/13 Add.1 және UNEP/WG.94/13/Add.2/Rev 1. құжаттары).

14. Конференция 3 тармақта көрсетілген қатысушы мемлекеттер өкілдерінің өкілеттерін қанағаттанарлық деп тану үшін жүргізілген өкілеттер тексеру жөніндегі өз комитетінің ұсынысын бекітті.

15. Толық құрамды комитеттің жұмысының негізінде Конференция 1985 жылғы 22 наурызда Озон қабатын қорғау туралы Конвенцияны қабылдады. Осы Қорытынды актіге қоса берілген Конвенция Австрия Республикасының Федеральдық Сыртқы істер министрлігінде Венада 1985 жылғы 22 наурыздан 1985 жылғы 21 қыркүйек бойынша және Нью-Йорктегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Орталық мекемелерінде 1985 жылғы 22 қыркүйектен 1986 жылғы 21 наурыз бойынша қол қою үшін ашық болады.

16. Конференция сондай-ақ қорытынды актіге қоса беріліп отырған мынадай қарарлар қабылдады:

1. Ұйымдастыру және қаржы шаралары бойынша қарар
2. Хлорфторкөмірсутегі туралы хаттамаға қатысты қарар
3. Австрия Республикасының үкіметіне ризашылық білдіру

17. Қорытынды актіні қабылдау сәтінде бірнеше мемлекет мәлімдеме

жасады, бұлар осы Қорытынды актіге қоса беріліп отырған UNEP (IC/16.53/5) құжатында келтіріліп отыр.

ОСЫНЫ ҚУАТТАП өкілдер мына Қорытынды актіге қол қойды.

ВЕНАДА бір мың тоғыз жүз сексен бесінші жылғы жиырма екінші наурызда ағылшын, араб, испан, қытай, орыс және француз тілдерінде жалғыз данадан жасалады, әрі барлық тілдеріндегі мәтіндер бірдей мазмұнды болып келеді. Түпнұсқа мәтін сақтауға Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы табыс етіледі.

1. Ұйымдастыру және қаржы шаралары бойынша қарар

Конференция,

Озон қабатын қорғау туралы Вена Конвенциясын қабылдай келіп,

Конвенцияға сәйкес Біріккен Ұлттар Ұйымының Айналадағы орта жөніндегі Бағдарламасына (ЮНЕП) Конвенцияның 6 бабын атқару үшін шақырылған Тараптар Конференциясының бірінші кезекті кеңесі аяқталғанға дейін Хатшылықтың міндеттерін орындау тапсырылғанын еске сала келіп, шақырылған

Конвенция хатшылығының шығыстарын және әкімшілік шығыстарын қаржыландырудың Конвенция Тараптарына жүктелгенін тани келіп;

1. ЮНЕП пен Бүкіл дүниежүзілік Метеорологиялық ұйымының (БМҰ) хатшылықтары ұсынып отырған Конвенция хатшылығының алғашқы екі жылдағы жұмысына арналған шығыстарының сметасын еске алады;
2. Сондай-ақ ЮНЕП-тің Атқарушы директорының Айналадағы ортаны қорғауға арналған қорда қаражат болған жағдайда уақытша хатшылықтың қызметінің алғашқы екі-үш жылының ішінде оның шығыстарын қаржыландыруға әзер екенін еске алады;
3. ЮНЕП-тің Атқарушы директорынан Конвенцияға өз қол қойған мемлекеттермен консультацияда, әрі БМҰ-мен және Біріккен Ұлттар Ұйымының басқа да тиісті органдармен тығыз ынтымақтастықта Конвенцияның мақсаттарына жетуі үшін уақытша хатшылықты қамтамасыз ету жөнінде қажетті шаралар қолдануды сұрайды;
4. Бұдан былай ЮНЕП-тің Атқарушы директоры мен БМҰ-ның Атқарушы Кеңесінің Конвенция тұрақты хатшылығының міндеттерін орындауға әзірлік білдірілген мәлімдемелерін қанағат тұтып, еске алады.

2. Хлорфторкөмірсутегі туралы хаттамаға қатысты қарар

Конвенция.

Озон қабатын қорғау туралы Конвенциясының Венада 1985 жылғы 22 наурыздан бастап қол қою үшін ашық болғанын атай келіп,

Біріккен Ұлттар Ұйымының Айналадағы орта жөніндегі Бағдарламасының Басқарушылар кеңесінің 1980 жылғы 29 сәуірде қабылданған 8/7 В шешімін ескеріп,

Конвенция озон қабатын адам қызметінен туындайтын өзгерістерден қорғауды қамтамасыз етудегі маңызды қадам болады деп санап,

Конвенцияның 2-бабы озон қабатының ахуалын өзгертуге әкеліп соғатын немесе соқтыруы ықтимал қызметінің салдары болып табылатын немесе болуы мүмкін қолайсыз әсерінен адамдардың денсаулығы мен айналадағы ортаны қорғау үшін тиісті шаралар қолдануға міндеттейтінін атап көрсетіп,

галиодталған хлорфторкөмірсутегінің (ХФК) және хлоры бар басқа заттардың бүкіл жер шары бойынша әуеге тасталуы және толығымен пайдаланылуы озон қабатын едәуір дәрежеде жұқартуы немесе өзгедей жолмен оның жағдайын өзгертуі мүмкін екенін, мұның өзі адам денсаулығы, егістіктер, теңіз тіршілігі материалдар мен климат үшін ықтимал зиянды зардаптарға әкеліп соғатынын мойындап, сонымен бір мезгілде мүмкін болмақ өзгерістерді және олардың ықтималды зиянды зардаптарын одан әр бағамдау қажеттігін мойындап,

қазірдің өзінде ұлттық және аймақтық деңгейде қабылданған ХФК-нің тасталуы мен пайдалануына бақылау жасаудың алдын алу шараларын ескеріп, сонымен қатар мұндай шаралардың озон қабатын қорғау үшін жетімсіз болуы мүмкін екенін мойындай келіп,

осыған орай ХФК-нің кең ауқымда өндірілуіне, тасталуына және пайдалануына әділетті негізде бақылау жасау туралы хаттаманы әзірлеу жөніндегі келіссөздерді жалғастыра беруге бекем бел байлай отырып,

дамушы елдердің ерекше жағдайына байыпты назар аудару керектігін ескеріп,

сондай-ақ мемлекеттің индустриялану деңгейі мен оның озон қабатын қорғау үшін жауапкершілігі дәрежесінің арасындағы өзара байланысты ескеріп,

ХФК-ге қатысты хаттаманы әзірлеу мақсатында озон қабатын қорғау туралы кең ауқымды тұғырлық конвенцияны дайындау жөніндегі хұқықтық және техникалық мәселелер бойынша Сарапшылар арнаулы жұмыс тобының елеулі прогреске қол жеткізгенін атап көрсетіп, сонымен қатар аталған жұмыс тобының хаттамаға байланысты өз жұмысын аяқтайтындай мүмкіндігі болмағанын атап көрсетіп.

1. Конвенция күшіне енгенге дейін ЮНЕП-тің Атқарушы директорынан Арнаулы жұмыс тобы қызметі нәтижесінің негізінде ХФК-нің кең ауқымда өндірілуіне, тасталуына және пайдалануына, бұл ретте дамушы елдердің ерекше жағдайын, сондай-ақ соңғы ғылыми және экономикалық зерттеулердің нәтижелерін ескере отырып, әділетті негізде бақылау жасау жөніндегі қысқа мерзімдік, сонымен бірге ұзақ мерзімдік стратегияларға қатысты хаттамаға байланысты жұмысты жалғастыра беру үшін жұмыс тобын шақыруды сұрайды;

2. Хаттамаға байланысты жұмысқа жәрдемдесу мақсатында барлық мүдделі тараптарды ХФК-нің және озон қабатының жағдайына теріс әсер ететін басқа заттардың кең ауқымда өндірілуіне, тасталуына және пайдалануына, сондай-ақ бақылау жасаудың әртүрлі шараларына байланысты жұмсалатын шығындар мен соның салдарына қатысты жасалуы мүмкін қадамдардың мейлінше кеңінен түсінікті болуын қамтамасыз ететін зерттеулер саласындағы ынтымақтастықты жүзеге асыруға өтінім шақырады;

3. Жұмыс тобынан хаттамаға байланысты бұдан былайға жұмысының барысында *inter alia* озон қабатын қорғау жөніндегі үйлестіру комитетінің өзінің сессиясының жұмысы

туралы баяндамасын, сондай-ақ 1985 жылы Бүкіл дүниежүзілік метеорология ұйымы өткізген атмосфералық озонды реттейін физикалық және химиялық процестерді осы заманғы пайымдауға берілген бағаны назарға алуды сұрайды;

4. Атқарушы директорға Конвенцияға қол қойған мемлекеттермен консультация өткізуге және Конвенция күшіне кіргенге дейін, мүмкіндігіне қарай 1987 жылы, осындай хаттама қабылдау үшін дипломатиялық конференция шақыруға өкілеттік береді;

5. Конвенцияға қол қойған мемлекеттерді, әрі хаттаманы әзірлеуге қатысушы басқа да мүдделі тараптарды жоғарыда баяндалған тармақтарда кезделген қызметке қолдау көрсету үшін ақшалай қаржы беруге шақырды;

6. Барлық мемлекеттер мен экономикалық ынтымақтың аймақтық ұйымдары хаттама күшіне кіргенге дейін өз қолдарындағы кез-келген құралдарымен ХФК-нің, *inter alia*, аэрозол күйіндегі тастандыларына бақылау қоюға, оған қоса олардың өндірілуіне немесе пайдаланылуына мүмкін болған деңгейде бақылау қоюға өтініп шақырады.

3. Австрия Республикасының Үкіметіне ризашылық білдіру

Конференция,

Австрия Республикасы Үкіметінің ықыласты шақыруы бойынша Венада 1985 жылғы 18-22 наурыз аралығында өз кеңесін өткізе отырып,

Австрия Республикасы Үкіметі мен Вена қаласының азаматтық үкімет орындарының техникалық құралдарымен, үй-жайларымен және өзге қызметпен қамтамасыз етудегі күш-жігерінің едәуір дәрежеде Конференцияның кідіріссіз жұмыс істеуіне жәрдемдескеніне әбден көз жеткізіп,

Австрия Республикасының Үкіметі мен Вена қаласының Конференцияға

қатысқан делегациялар мүшелері, байқаушылар мен хатшылық қызметкерлеріне қатысты көрсеткен ықыласы мен меймандостығын жоғары бағалап,

Австрия Республикасының Үкіметіне, Вена қаласының өкімет органдарына және солар арқылы Австрия халқына, әсіресе Вена тұрғындарына Конференцияға қатысушыларға және оның жұмысына араласқан баршаға шын жүректі қабылдау көрсеткені үшін, сондай-ақ Конференцияның ойдағыдай өткізуге үлес қосқаны үшін шынайы ризашылығын білдіреді.

ОЗОН ҚАБАТЫН ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ ВЕНА КОНВЕНЦИЯСЫ

Кіріспе

Осы Конвенцияның тараптары,

Озон қабаты өзгеруінің адамның денсаулығы мен айналадағы ортаға ықтимал қатерлі ықпалын түсініп,

Біріккен Ұлттар Ұйымының адамның айналасындағы ортаның проблемалары жөніндегі Конференциясы Декларациясының тиісті қағидаларына, атап айтқанда, "Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысына және халықаралық хұқық принциптеріне сәйкес мемлекеттердің өз меншікті ресурстарын айналадағы ортаға байланысты өзінің саясатына сай игеруге егеменді хұқығы бар және өздерінің Заңды иелігі немесе бақылауының шегіндегі қызметтің басқа мемлекеттердің немесе ұлттық заңды иелігінің күші жүретін жерден тысқары аймақтардағы айналадағы ортаға залалын тигізбеуін қамтамасыз ету үшін жауап береді" - деп баяндайтын 21 принципіне сілтеме жасап,

дамушы елдердің жағдаяттары мен айырықша қажеттіліктерін назарға алып, халықаралық ұйымдар, сондай-ақ ұлттық ұйымдар жүргізіліп отырған жұмыс пен зерттеулерді, әрі, атап айтқанда, Біріккен Ұлттар Ұйымының Айналадағы орта жөніндегі бағдарламасының озон қабаты жайындағы іс-қимылдың бүкіл дүниежүзілік жоспарын ескеріп,

сондай-ақ қазірдің өзінде ұлттық және халықаралық деңгейлерде қабылданған озон қабатын қорғау жөніндегі сақтану шараларын ескеріп,

озон қабатын адам қызметінің салдарынан болатын өзгерістерден

қорғау жөніндегі шаралардың халықаралық ынтымақтастықты ғылыми-техникалық пайымдауларға негізделуге тиіс екенін түсініп, сондай-ақ озон қабаты туралы, әрі оның ахуалының өзгеруінің

ықтимал теріс зардаптары туралы қосымша ғылыми мағлұматтар алу үшін бұдан былай да зерттеулер мен үздіксіз байқаулар жүргізу керек екенін түсініп,

адамдардың денсаулығы мен айналадағы ортаны озон қабатының жағдайындағы өзгерістердің қолайсыз ықпалынан қорғауға бекем бел байлап.

МЫНА ТӨМЕНДЕГІЛЕР ЖАЙЫНДА УАҒДАЛАСТЫ:

I-бап
АНЫҚТАМАЛАР

Осы Конвенциядағы:

1. "Озон қабаты" планетаның шекаралас қабатындағы атмосфералық озон қабатын білдіреді.

2. "Қолайсыз ықпал" физикалық ортадағы немесе тіршіліктегі өзгерістерді білдіреді, бұған адамның денсаулығы үшін немесе табиғи және реттелмелі экожүйелердің қалпына келтіруші қабілетінің немесе өнімділігінің құрамы үшін немесе адам пайдаланатын материалдар үшін едәуір зиянды залалы бар климаттағы өзгерістер қосылады.

3. "Баламалық технологиялар немесе жабдық" озон қабатына қолайсыз ықпал жасайтын немесе жасауға қабілетті заттардың тасталуын азайтуға немесе мүлде жоюға мүмкіндік беретін технологиялар немесе жабдықты білдіреді.

4. "Баламалық заттар" озон қабатына қолайсыз ықпалды азайтатын, жоятын немесе болдырмайтын заттарды білдіреді.

5. Бас әріппен жазылған "Тараптар", егер мәнінде басқаша айтылмаған болса, осы Конвенцияның Тараптарын білдіреді.

6. "Экономикалық ынтымақ жөніндегі аймақтық ұйым" осы аймақтың егеменді мемлекеттері құрған, әрі осы Конвенциямен және оған қосылған хаттамалармен реттелетін мәселелерде құзырлығы бар, әрі оның ішкі ресімдеріне сәйкес тиісті құжаттарға қол қоюға, бекітуге, қабылдауға, мақұлдауға немесе соларға қосылуға лайықты өкілдігі бар ұйымды білдіреді.

7. "Хаттамалар" осы Конвенцияға берілген хаттамаларды білдіреді.

2-бап
Ортақ міндеттемелер

1. Тараптар адам денсаулығы мен айналадағы ортаны озон қабатының жәйін өзгертетін немесе өзгертуге қабілетті адам қызметінің салдарынан болатын немесе болуы ықтимал қолайсыз зардаптарынан қорғау үшін осы Конвенцияның және өздері қатысушылар болып отырған қолданылып жүрген хаттамалардың қағидаларына сәйкес тиісті шаралар қабылдайды.

2. Осы мақсатпен Тараптар қолдарындағы құралдармен және өздерінің мүмкіндіктеріне сәйкес:

a) адам қызметінің озон қабатына ықпалын және озон қабаты жәйінің өзгеруінің адам денсаулығы мен айналадағы ортаға жасайтын залалын тереңірек пайымдап, бағамдау үшін жүйелі байқаулар, зерттеулер жүргізу және ақпараттар алмасу жолымен ынтымақтасады;

b) мұндай қызмет озон қабатының жағдайын өзгертіп немесе өзгерту мүмкіндігін туғызып, қолайсыз ықпал жасайтын немесе жасауы мүмкін екені анықталған болса, өздерінің заңдық аясын немесе бақылауына жататын адам қызметін бақылау, шектеу, қысқарту немесе оған жол бермеу үшін заң немесе әкімшілік шараларын қабылдайды және тиісті бағдарламалық шараларды келісіп алу үшін ынтымақтасады;

c) хаттамалар мен қосымшалар қабылдау мақсатында осы Конвенцияны орындау үшін келісіп шаралар, ресімдер мен стандарттар әзірлеу үшін ынтымақтасады;

d) Конвенцияны және өздері қатысушылары болып отырған

хаттамаларды тиімді орындау мақсатында құзырлы халықаралық органдармен ынтымақтасады.

3. Осы Конвенцияның қағидаларды қайткенде де тараптардың халықаралық хұқыққа сәйкес жоғарыдағы 1 және 2 тармақтарда көзделген шараларға қосымша мемлекеттік ішкі шаралар қабылдау құқығына қатысты болмайды; бұлар сондай-ақ мұндай шаралар осы Конвенцияның шеңберіндегі

олардың міндеттемелерімен қабысатындай Тараптар қабылдап қойған қосымша мемлекеттік ішкі шараларға қатысты болмайды.

4. Осы бапты қолдану тиісті ғылыми-техникалық пайымдалуларға негізделеді.

3-бап

Зерттеулер және жүйелі байқаулар

1. Тараптар тиісті тәртіппен мына мәселелер бойынша:

a) озон қабатына ықпал жасауы мүмкін физикалық және химиялық процесстер;

b) озон қабаты жағдайындағы өзгерістен, әсіресе тірі организмдерге әсер ететін өзiрге күлгiн сәулелерiнiң (ОК-В) өзгеруiнен туындайтын адам денсаулығына жасалатын әсерлер мен басқа да биологиялық зардаптар;

c) озон қабаты жағдайындағы өзгерістің климатқа әсері;

d) озон қабаты жағдайындағы кез-келген өзгерістердің және ОК-В сәулелері шағырмақтылығын бұдан былай кез келген өзгеруінің адам пайдаланатын табиғи және жасанды материалдарға ықпалы;

e) озон қабатына ықпал өте алатын заттар, жұмыс тәжірибесі, процесстер мен қызмет түрлері, әрі олардың жинақтала келе жасайтын ықпалы;

f) тиісті әлеуметтік-экономикалық мәселелер;

сондай-ақ I және II қосымшаларда егжей-тегжейлі қаралып отырған басқа да мәселелер бойынша зерттеулер мен ғылыми бағамдаулар ұйымдастыруға және оларды өткізуге тікелей немесе халықаралық құзырлық органдар арқылы ынтымақтасуға міндеттенеді.

2. Тараптардың өздері немесе халықаралық құзырлы органдар арқылы ұлттық заңдарды және ұлттық деңгейде, сондай-ақ халықаралық деңгейде жүргізілетін қызметтің осындай саласын толық ескере отырып, озон қабатының жағдайына және басқа да тиісті көріністеріне, I қосымшада көзделгендей, жүйелі бақылау жасаудың бірлескен немесе бірін-бірі өзара толықтырып отыратын бағдарламалары жүргізілуіне жәрдемдесуге немесе жүргізуге міндеттенеді.

3. Тараптар зерттеу деректерінің жинақталуын, тексерілуін және тиісті халықаралық деректер орталығы арқылы тұрақты түрде әрі уақтылы беріліп тұруын қамтамасыз етуде тікелей немесе халықаралық құзырлы органдар арқылы ынтымақтасуға міндеттенеді.

4-бап

Құқықтық және ғылыми-техникалық салалардағы ынтымақтастық

1. Тараптар осы Конвенцияға қатысты ғылыми-техникалық, әлеуметтік-экономикалық, коммерциялық және құқықтық ақпараттар алмасуға II қосымша неғұрлым егжей-тегжейлі баяндалған қағидаларға сәйкес жәрдемдесетін болады және қолайлы жағдай тұғызады. Мұндай ақпарат Тараптар уағдаласқан органдарға беріліп тұрады. Беріп отырған тарап құпия санайтын ақпаратты қабылдап алушы кез-келген орган мұндай ақпараттың жария етілмеуіне кепілдік береді, әрі оны бұл ақпарат барлық Тараптардың қарауына табыс етілгенге дейін оның құпиялылық сипатын сақтап қалатындай етіп екшейтін болады.

2. Тараптар өздерінің ұлттық заңдарына, нормаларына және іс-тәжірибесіне сәйкес және атап айтқандай дамушы елдердің тікелей немесе халықаралық құзырлы органдар арқылы берілетін технология мен білімді дамыту және алу жөніндегі көмекке зәрулігін ескере отырып ынтымақтасады. Атап айтқанда, мұндай ынтымақтастық:

a) өзге тараптардың балама технологияларды алуын жеңілдету;

b) оларға балама технологиялар мен жабдықтар туралы ақпарат және

тиісті нұсқаулар мен пәрмендер беру;

c) зерттеулер мен жүйелі байқаулар жүргізуге арналған қажетті жабдықтар мен аппаратуралар беріп тұру;

d) қажетті ғылыми-техникалық кадрлар даярлау жолымен жүзеге асырылады.

5-бап

Ақпарат беру

Тараптар хатшылық арқылы 6 баптан құрылған Тараптар конференциясына осы Конвенция және өздері қатысушы болып отырған хаттамаларды жүзеге асыру жөнінде қолданатын шаралары туралы ақпаратты тиісті уағдаластық құжаттарына қатысушы тараптардың кеңесінде белгіленетін нысанада және белгіленетін кезеңдерге беріп тұрады.

6-бап
Тараптар конференциясы

1. Осы арқылы Тараптар Конференциясы құрылады. Тараптар конференциясының алғашқы кеңесін 7-бапқа сәйкес уақытша негізде тағайындалған хатшылық осы Конвенция күшіне кіргеннен кейін бір жылдан кешіктірмей шақырады. Алдағы уақытта Тараптар Конференцияның кезекті кеңестері Конференция алғашқы кеңесіне белгіленген кезеңдерде шақырылып тұрады.

2. Тараптар Конференциясының кезектен тыс мәжілістері Конференция бұларды қажет деп тапқан кезде шақырылады, немесе Тараптардың бірінің жазбаша өтініші бойынша, егерде бұл өтінішті хатшылық Тараптарға жолдағаннан кейінгі алты айдың ішінде оны Тараптардың кем дегенде үштен бірі қолдаған жағдайда шақырылады.

3. Тараптардың Конференциясы өзінің, сонымен бірге өзі құруы мүмкін кез-келген көмекші органдарының ресім ережесі мен қаржы ережесін, сондай-ақ хатшылықтың қызметін реттейтін қаржы қағидасын келісе отырып, үйлестіреді және қабылдайтын болады.

4. Тараптар Конференциясы осы Конвенцияның орындалуын үнемі қадағалап отырады, әрі сонымен қатар:

a) 5-бапқа сәйкес беріліп тұруға тиіс ақпараттың нысаны мен беру кезеңдерін белгілейді, әрі осындай ақпаратты, сондай-ақ кез-келген көмекші орган түсірген баяндамаларды қарап отырады;

b) озон қабатының жағдайы жөніндегі, оның ықтимал өзгеруі жөніндегі және кез-келген осындай өзгерістің ықтимал зардаптары жөніндегі ғылыми ақпаратқа шолу жасайды;

c) 2 бапқа сәйкес озон қабатының жағдайында өзгерістер туғызатын немесе туғызуға қабілетті заттардың тасталуын барынша азайту мақсатында тиісті саясатты, стратегияны және шараларды келісіп қабылдауға жәрдемдеседі, әрі осы Конвенцияға қатысы бар басқа да кез-келген шаралар бойынша ұсыныстар шығарады;

d) 3 және 4 баптарға сәйкес зерттеулердің, жүйелі байқаулардың, ғылыми-техникалық ынтымақтастықтың, ақпарат алмасудың және технологиямен білім берісудің бағдарламаларын қабылдайды;

e) қажеттігіне қарай 9 және 10 баптарға сәйкес осы Конвенцияға немесе оның қосымшаларына берілетін түзетулерді қарап қабылдайды;

f) кез-келген хаттамаға, сондай-ақ оның кез-келген қосымшасына берілетін түзетулер, әрі тиісті шешім болған жағдайда, осындай хаттаманың тараптарына бұларды қабылдауды ұсынады;

g) қажеттігіне қарай 10 бапқа сәйкес осы Конвенцияға тағы да қоса берілетін қосымшаларды қарап, қабылдайды;

h) қажеттігіне қарай 8 бапқа сәйкес хаттамаларға қарап қабылдайды;

i) осы Конвенцияны жүзеге асыру үшін қандай көмекші органдар керек болады деп тапса, сондай органдар тұрады;

j) керек болып қалуына орай ғылыми зерттеулер, жүйелі байқаулар және осы Конвенцияның мақсатына қатысты басқа да қызмет түрлері саласында халықаралық құзырлы органдар мен ғылыми комитеттердің, атап айтқанда Бүкіл дүниежүзілік метеорология ұйымы мен Бүкіл дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының, сондай-ақ Озон қабаты жөніндегі үйлестіру комитетінің қызметімен пайдаланады, әрі осындай органдармен комитеттерден алынған ақпаратты тиісінше пайдаланатын болады;

k) осы Конвенцияның мақсатына жету үшін талап етілу мүмкін кез-келген қосымша шараларды қарап қабылдайды.

5. Біріккен Ұлттар Ұйымы, оның мамандандырылған мекемелері және Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік, сондай-ақ осы Конвенцияның Тарабы болып табылмайтын кез-келген мемлекет Тараптар Конвенциясының кеңестеріне байқаушылар болып қатысып отыруы мүмкін, Тараптар Конференциясының байқаушылар ретінде қатысып отырмақ ниеттері туралы хатшылықты хабардар еткен, озон қабатын қорғауға қатысты салаларда құзыреті бар ұлттық немесе халықаралық, үкіметтік немесе

үкіметтік емес кез-келген органдар немесе мекемелер Тараптардың кеңесіне қатысып отырғандардың аз дегенде үштен бірі қарсылық білдірмесе кеңеске жіберілетін болады. Байқаушыларды кеңеске жіберу

мен қатыстыру Тараптар Конференциясында қабылданған ресімдік ережелермен реттеледі.

7-бап Хатшылық

1. Хатшылыққа мынадай міндеттер:

а) 6, 8, 9 және 10 баптарда көзделгендегідей кеңестерді ұйымдастыру мен оған қызмет ету;

б) 4 және 5 баптарға сай алынатын ақпаратқа, сондай-ақ 6-бапқа сәйкес құрылған көмекші органдардың кеңестерінен алынатын ақпаратқа негізделген баяндамаларды дайындау және табыстау;

с) кез-келген хаттамалар өзіне жүктейтін міндеттерді орындау;

д) осы Конвенцияға сәйкес өз міндеттерін орындауға бағытталған қызметі туралы баяндамалар дайындау және оларды тараптар конференциясына ұсынып отыру;

е) басқа тиісті халықаралық органдармен арадағы қызметтің қажетінше үйлестірілуін қамтамасыз ету, атап айтқанда өз міндеттерін ойдағыдай орындау үшін қандай әкімшілік және уағдаластық келісімдер талап етілсе, сондай келісімдер жасау;

ф) Тараптар Конференциясы белгілеуі мүмкін басқа да осындай

міндеттерді орындау жүктеледі.

2. 6 бапты атқару мақсатында шақырылған Тараптар Конференциясының бірінші кезекті кеңесі тікелей аяқталғанға дейін хатшылықтың міндеттерін уақытша Біріккен Ұлттар Ұйымының Айналадағы орта жөніндегі бағдарламасы орындайтын болады. Тараптар Конференциясы өзінің бірінші кезекті кеңесінде осы Конвенцияға сәйкес хатшылық міндетін орындауға әзірлік білдірген қазіргі бар халықаралық ұйымдардың ішінен хатшылық құрады.

8-бап Хаттамалар қабылдау

1. Тараптар Конференциясы кеңестерде 2-бапқа сәйкес хаттамалар қабылдай алады.

2. Хатшылық ұсынылып отырған кез-келген хаттаманы Тараптарға осындай кеңес өткізілерден бері дегенде алты ай бұрын беруге тиіс.

9-бап Конференцияға немесе хаттамаларға түзетулер

1. Тараптардың кез-келгені осы Конвенцияға немесе кез-келген хаттамаға түзетулер енгізуді ұсына алады. Мұндай түзетулерде, атап айтқанда, тиісті ғылыми-техникалық пайымдаулар лайықты түрде ескеріледі.

2. Осы Конференцияға түзетулер Тараптар Конференциясының кеңесінде қабылданды. Кез-келген хаттамаға түзетулер тиісті хаттама Тараптарының кеңесінде қабылданады. Осы Конвенцияға немесе кез келген хаттамаға ұсынылып отырған кез келген түзетудің мәтінін хатшылық, егер осы хаттамада өзгедей көзделмеген болса, оны қабылдау ұсынылып отырған кеңес өткізілерден бұрын алты айдан кешіктірмей Тараптарға хабарлайды. Хатшылық сондай-ақ ұсынылып отырған түзетулердің мәтінін Конвенцияға қол қойған елдерге еске салу ретінде хабарлайды.

3. Тараптар осы Конвенцияға ұсынылып отырған түзетуді мақұлдасу жолымен қабылдау хатында келісімге жету үшін барынша күш-жігер жұмсайды. Ал келісімге қол жеткізілмей, мақұлдасуға жетудің барлық амалдары таусылған болса, онда ақтық шара ретінде түзету Конвенция Тараптарының кеңесте қатысып отырған және дауыс беруге қатысушы төрттен үшінші көпшілік даусымен қабылданады, әрі оны Депозитарий бекіту, бекемдеу немесе қосылу үшін барлық Тараптарға ұсынады.

4. Жоғарыда 3-тармақта айтылған ресми кез келген хаттаманың түзетулеріне, оларды қабылдау үшін осы хаттама Тараптарының кеңесте отырған және дауыс беруге қатысушы үштен екісінің көпшілік дауысы жеткілікті болатын кездерден басқа жағдайларда, қолданыла береді.

5. Депозитарийге түзетулердің бекітілгені, мақұлданғаны немесе қабылданғаны туралы жазбаша құлақтандыру жолданады, жоғарыдағы 3 және 4 тармаққа сәйкес

қабылданған түзетулер оларды қабылдаған Тараптар үшін, егер осы хаттамада өзгедей көзделмеген болса, Депозитарий осы Конвенция Тараптарының төрттен үшінші немесе осы хаттама Тараптарының кемінде үштен екісінің оларды бекіткені, мақұлдағаны немесе қабылдағаны туралы құлақтандыру алғаннан кейін тоқсаныншы күші күшіне кіреді. Түзетулер бұдан былай келесі кез келген Тарап үшін бұл түзетулердің бекітілгені, мақұлданғаны немесе қабылданғаны туралы құжатты осы Тарап сақтауға тапсырғаннан кейін тоқсаныншы күші күшіне кіреді.

6. Осы Баптың мақсаты үшін "кеңесте отырған және дауыс беруге қатысушы Тараптар" деген термин қатысушы және "үшін" немесе "қарсы" дауыс беруші Тараптарды білдіреді.

10-бап

Қосымшаларды қабылдау және оларға түзетулер енгізу

1. Осы Конвенцияға немесе кез келген хаттамаға қосымша, тиісінше, осы Конвенцияның немесе осындай осындай хаттаманың ажырағысыз бөлігі болып табылады, әлбетте егер тікелей көзделмеген болса, онда осы Конвенцияға немесе хаттамаларына сілтеме жасау сонымен бір мезгілде оның кез келген қосымшаларына сілтеме жасау болып табылады. Мұндай қосымшалар ғылыми-техникалық және әкімшілік мәселелерімен шектеледі.

2. Егер қандай да бір хаттамада оған берілетін қосымшаға қатысты өзге қағидалар көзделмеген болса, онда осы Конвенцияға қосылатын қосымшаны немесе хаттамаға қосымшаны ұсынудың, қабылдаудың және күшіне енгізудің мынадай рәсімі қолданылады:

а) осы Конвенцияға қосымшалар 9-баптың 2 және 3 тармақтарында белгіленген рәсімге сай ұсынылады және қабылданады, ал кез келген хаттамаға қосымшалар 9-баптың 2 және 4 тармақтарында белгіленген рәсімге сай ұсынылады және қабылданады;

б) осы Конвенцияға қосылатын қосымшаны немесе өзі қатысушы болып табылатын кез келген хаттамаға қосымшаны мақұлдайтын мүмкіндігі жоқ деп санайтын кез келген тарап Депозитарий қабылдағаны туралы хабар жолдаған күннен бастап, алты ай ішінде жазбаша түрде бұл туралы Депозитарийды хабардар етеді. Депозитарий осындай құлақтандыру алғаны туралы Тараптардың бәрін кідіріссіз хабардар етеді. Тарап бұрын жолдаған қарсылық білдірген өтінішін қабылдау туралы өтінішімен кез келген уақытта алмастыра алады, содан кейін қосымшалар аталған Тарап үшін күшіне кіреді.

с) хабарламаны Депозитарий жолдаған күннен бастап алты ай өткеннен кейін жоғарыдағы тармақшаның (б) қағидаларына сәйкес құлақтандыру бермеген осы Конвенцияны немесе кез келген тиісті хаттамалардың Тараптарының барлығы үшін қосымша күшіне кіреді.

3. Осы Конвенцияның немесе кез келген хаттаманың қосымшаларына түзетулер ұсыну, қабылдау мен күшіне енгізу Конвенцияға қосымшалар немесе хаттама қосымшалар ұсыну, қабылдау мен күшіне енгізу үшін белгіленгенге ұқсас рәсіммен реттеледі. Қосымшаларда және оларға берілген түзетулерде, атап айтқанда, тиісті ғылыми-техникалық пайымдаулар лайықты түрде ескеріледі.

4. Егер қосылатын қосымша немесе қосымшаға түзетулер осы Конвенцияға немесе хаттамаға түзетулер енгізумен байланысты болса онда қосылатын қосымша немесе өзіне енгізілген түзетулері бар қосымша осы Конвенцияға немесе тиісті хаттамаға енгізілген түзетулер күшіне кіргеннен кейін ғана барып күшіне кіреді.

11-бап

Дауларды реттеу

1. Осы Конвенцияны түсіну немесе қолдануға қатысты Тараптар арасында дау туа қалған жағдайда мүдделі тараптар оны келіссөздер жолымен реттеуге ұмытылады.

2. Егер мүдделі тараптар келіссөздер жолымен келісімге келе алмаса, онда олар бірлесіп үшінші тараптың игілікті қызметіне жүгіне алады немесе оған делдал болуын сұрап, өтініш жасай алады.

3. Осы Конвенцияны бекіту, қабылдау, мақұлдау немесе оған қосылу кезінде не болмаса бұдан кейінгі кез келген уақытта экономикалық ынтымақ мемлекетті немесе аймақтық ұйымы жоғарыдағы 1 тармақтың немесе 2 тармақтың қағидаларына сәйкес шешілмеген даудың хақында Депозитарийге жазбаша өтініш жолдай алады, онда олар дауды реттеудің міндетті құралдары мына төмендегінің бірін немесе екеуін бірдей мойындайды, бұлар:

а) Тараптар Конференциясы өзінің бірінші кезекті мәжілісінде белгілейтін рәсімдерге сәйкес төрелікке жүгіну;

б) дауды Халықаралық Сотқа беру.

4. Егер тараптар жоғарыдағы 3 тармаққа сәйкес рәсімдердің сол біреуін ғана кез

келгенін қабылдамай тастаса, онда дау, егер тараптар өзгеше уағдаласпаған болса, төмендегі 5 тармаққа сәйкес пәтуаласу ресімі жольмен реттеуге беріледі.

5. Дауға қатысушы тараптардың бірінің өтініші бойынша пәтуаластыру комиссиясы құралады. Комиссия тараптардың әрқайсысы тағайындайтын мүшелердің бірдей санынан және әр тарап тағайындаған мүшелер бірлесіп сайлайтын төрағадан тұрады. Комиссия ұсыныстық сипаты бар түпкілікті шешім шығарады, оны тараптар мұқият ескереді.

6. Осы баптың қағидалары, егер бұл хаттамада өзгеше көзделмеген

болса, кез келген хаттамаға қатысты қолданылады.

12-бап Қол қою

1. Осы Конвенция экономикалық ынтымақ мемлекеттері мен аймақтық үшін Венада Австрия Республикасының Федеральдық сыртқы істер министрлігінде 1985 жылғы 22 наурыздан бастап 1985 жылғы 21 қыркүйек бойынша, Нью-Йоркте Біріккен Ұлттар Ұйымының Орталық мекемелерінде 1985 жылғы 22 қыркүйектен бастап, 1986 жылғы 21 наурыз бойынша қол қоюға ашық.

13-бап Бекіту, қабылдау немесе мақұлдау

1. Осы Конвенцияны және кез келген хаттаманы экономикалық ынтымақ мемлекеттері мен аймақтық ұйымдары бекітуге, қабылдауға немесе мақұлдауға тиіс. Бекіту, қабылдау немесе мақұлдау туралы құжаттар Депозитарийге сақтауға беріледі.

2. Жоғарыдағы 1 тармақта көрсетілген Конвенцияның немесе кез келген хаттаманың Тарабы болатын кез келген ұйым, бұл ретте ұйымға мүше бірде-бір мемлекет осындай Тарап бола алмайды, тиісінше Конвенциядан немесе хаттамадан туындайтын барлық міндеттемелерге байланысты болады. Осындай ұйымның мүшелері - бір немесе бірнеше мемлекет Конвенциясының немесе тиісті хаттаманың Тараптары болған жағдайда, бұл ұйым және оған мүше мемлекеттер тиісінше Конвенциядан немесе хаттамадан туындайтын өздерінің міндеттемелерін орындау жөніндегі өздеріне тиісті міндеттерге қатысты шешім қабылдайды. Мұндай жағдайларда ұйым мен мүше мемлекеттер Конвенциядан немесе хаттамадан туындайтын хұқықтарды қосарласып жүзеге асыруға тиіс емес.

3. Жоғарыда 1 тармақта көрсетілген ұйымдар бекіту, қабылдау немесе мақұлдау туралы өз құжаттарында Конвенция немесе тиісті хаттама реттейтін мәселелердегі өз құзырының шегі туралы мәлімдейді. Бұл ұйымдар сондай-ақ өз құзырының шегіндегі кез келген елеулі өзгеріс туралы Депозитарий құлақтандырып отырады.

14-бап Қосылу

1. Осы Конвенция және кез келген хаттама экономикалық ынтымақ мемлекеттері мен аймақтық ұйымдарының қосылуы үшін Конвенцияға немесе тиісті хаттамаға қол қою тоқтатылған сәттен бастап ашық.

Қосылу туралы құжаттар Депозитарийдің сақтауына тапсырылады.

2. Жоғарыда 1 тармақта көрсетілген ұйымдар қосылу туралы өз құжаттарында Конвенция немесе тиісті хаттама реттейтін мәселелердегі өз құзырының шегі туралы мәлімдейді. Бұл ұйымдар туралы Депозитарийды құлақтандырып отырады.

3. 13-баптың 2 тармағының қағидалары осы Конвенцияға немесе кез келген хаттамаға қосылатын экономикалық ынтымақтық аймақтық ұйымдарына қолданылады.

15-бап Дауыс құқығы

1. Конвенцияның немесе кез келген хаттаманың әр Тарабының бір дауысы болады.

2. Жоғарыда 1 тармақта көзделген қағиданы айтпағанда, экономикалық ынтымақтық аймақтық ұйымдары өз құзырына кіретін мәселелерде Конвенцияның немесе тиісті хаттаманың Тараптары болып табылатын өзіне мүше мемлекеттердің санында тең дауыс санына ие бола отырып, өз даусының хұқығын жүзеге асырады. Егер өзіне мүше мемлекеттер өз даусының хұқығын жүзеге асырғанда ұйымдар өз даусының құқығынан айырылады және керісінше ұйымдар өз даусының хұқығын жүзеге асырған, бұл мемлекеттер даусының құқығынан айырылады.

16-бап

Конвенция мен оның хаттамалары арасындағы байланыс

1. Экономикалық ынтымақ мемлекеті немесе аймақтық ұйымы егер олар Конвенцияның Тараптары болып табылатын болса немесе сол уақытта оның тарабына айналған жағдайда ғана қандай да бір хаттаманың тарабы бола алады.

2. Кез келген хаттамаға қатысты шешімдерді тек қана тиісті хаттамаға қатысушы тараптар қабылдайды.

17-бап

Күшіне кіруі

1. Осы Конвенция бекіту, қабылдау, мақұлдау немесе қосылу туралы жиырмамыншы құжат сақтауға тапсырылғаннан кейінгі тоқсаныншы күні күшіне кіреді.

2. Кез келген хаттама, егер бұл хаттамада өзгедей көзделмеген болса, аталған хаттаманы бекіту, қабылдау немесе мақұлдау туралы оған қосылу туралы он бірінші құжат сақтауға тапсырылғаннан кейінгі тоқсаныншы күні күшіне кіреді.

3. Осы Конвенцияны бекітетін, қабылдайтын немесе мақұлдайтын не болмаса бекіту, қабылдау, мақұлдау немесе қосылу туралы жиырмамыншы құжат сақтауға тапсырылғаннан кейін оған қосылатын әр Тарап үшін бекіту, қабылдау, мақұлдау немесе қосылу туралы құжатты осындай Тарап сақтауға тапсырғаннан кейінгі тоқсаныншы күні Конвенция күшіне кіреді.

4. Кез келген хаттама, егер мұндай хаттамада өзгедей көзделмеген болса, осы хаттаманы бекітетін, қабылдайтын немесе мақұлдайтын, не болмаса 2 тармаққа сай ол күшіне енгеннен кейін оған қосылатын әр тарап үшін бекіту, қабылдау, мақұлдау немесе қосылу туралы өзінің құжатын осындай тарап сақтауға тапсырғаннан кейінгі тоқсаныншы немесе

осы Тарап үшін Конвенция күшіне кіретін күні осы күндердің қайсысы көшірек келетініне қарай, күшіне кіретін болады.

5. Жоғарыдағы 1 және 2 тармақтардың мақсаты үшін экономикалық ынтымақтық аймақтық ұйымдары сақтауға тапсырған кезде кез келген құжат осындай ұйымға мүше мемлекеттер сақтауға тапсырған құжаттарға қосымша ретінде қаралмайды.

18-бап

Желеулер

Осы Конвенцияда ешқандай желеулерге жол берілмейді.

19-бап

Шығу

1. Атаған Тарап үшін осы Конвенция күшіне кірген күннен бастап төрт жыл өткеннен кейінгі кез келген уақытта осы Тарап Депозитарийге жазбаша құлақтандыру жолдай отырып. Конвенциядан шыға алады.

2. Қандай да бір хаттамада көзделген жағдайларды айтпағанда аталған тарап үшін осындай хаттама күшіне кірген күннен бастап төрт жыл өткеннен кейінгі кез келген уақытта осы Тарап Депозитарийге құлақтандыру жолдай отырып, хаттамадан шыға алады.

3. Осындай кез келген шығу Депозитарий құлақтандыру алған күннен бастап бір жыл өткеннен кейін немесе шығатыны туралы құлақтандыруда көрсетілуі мүмкін осындай

неғұрлым кештеу мерзімде күшіне кіреді.

4. Осы Конвенциядан шығатын кез келген Тарап сондай-ақ өзі Тарабы болып табылатын кез келген хаттамадан шыққан болып саналады.

20-бап Депозитарий

1. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы осы Конвенцияның және кез келген хаттамалардың Депозитарийі міндетін орындайды.

2. Депозитарий Тараптардан атап айтқанда:

- a) 13 пен 14 баптарға сәйкес осы Конвенцияға және кез келген хаттамаға қол қойғаны және бекіту, қабылдау немесе мақұлдау не болмаса қосылу туралы құжаттардың сақтауға тапсырылғаны туралы;
- б) 17 бапқа сәйкес Конвенцияның және кез келген хаттаманың кіретін күні туралы;
- с) 19 бапқа сәйкес жасалған шығу туралы құлақтандырулар туралы;
- д) 9 бапқа сәйкес Конвенцияға және кез келген хаттамаға

қабылдаған түзетулер, оларды тараптардың және оларды күшіне кіретін күндері туралы;

e) 10 бапқа сәйкес оларға жасалатын қосымшалар мен түзетулерді қабылдау мен мақұлдауға қатысты барлық хабарламалар туралы;

f) экономикалық ынтымақтық аймақтық ұйымдарының осы Конвенция және кез келген хаттамалар мен оларға жасалған түзетулер реттейтін мәселелердегі өз құзырларының шегі жайындағы құлақтандырулары туралы;

g) II баптың 3 тармағына сәйкес жасалған мәлімдемелер туралы хабарландырады.

21-бап Түпнұсқаулық мәтіндер

Осы Конвенцияның ағылшын, араб, испан, қытай, орыс және француз нұсқауларының мәні бірдей болып табылатын нағыз түпнұсқасы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысының сақтауына тапсырылады.

Осыны қуаттап, бұған төменде қол қойғандар, осыған деп лайықты түрде өкілеттік алғандар, осы Конвенцияға қол қояды.

Венада 1985 жылы наурыздың 22-ші күні жасалды.

I Қосымша ЗЕРТТЕУЛЕР ЖӘНЕ БАЙҚАУЛАР

1. Конвенция Тараптары басты ғылыми проблемалары мыналар деп таниды:

a) озон қабатының өзгеруі, соның салдарынан күннің тірі организмдерге ықпал ететін және Жер бетіне жететін әсеркүлгін (ОК В) сәулеленуінің шоғырлығының өзгеріске ұшырау мүмкіндігі, әрі адам денсаулығы, организмдер экожүйелер мен адам пайдаланатын материалдар үшін ықтимал зардаптары;

б) озонның атмосфераның температуралық құрылымын бұзуы мүмкін тік бетінің өзгеруі, әрі ауа райы мен климат үшін ықтимал зардаптары.

2. Конвенция Тараптары 3 бапқа сәйкес мынадай салаларда зерттеулер мен жүйелі байқаулар жүргізуде және бұдан былайғы зерттеулер мен байқаулар туралы ұсыныстарды тұжырымдауда ынтымақтасады бұл салалар:

a) Атмосфераның физикасы мен химиясын зерттеу

I) кешенді теориялық модельдеу, радиациялық, серпінді және химиялық процесстердің бірлескен әрекетін қарастыратын модельдерді одан әрі әзірлеу, атмосферадағы озонға адам қолымен жасалған және табиғаттағы әртүрлі заттардың бір мезгілдегі әсерін зерделеу;

жер серіктерінен және жердегі қондырғылардан алынған телеметрикалық өлшеулердің деректерін екшеу;

атмосфералық және геофизикалық сипаттардың қозғалмалылығын бағалау және осы сипаттардың өзгеру себептерін анықтау тәсілдерін әзірлеу;

II) тропосфералық және стратосфералық химиялық және фотохимиялық процесстердің өзгеруінің, сіңіру қимасының және өзара әрекет жасауының коэффициенттерін

лабораториялық өлшеу; спектердің барлық тиісті учаскелерінде далалық өлшеулерді бекітуге арналған спектроскопия деректері;

III) далалық өлшеулер: табиғи, сондай-ақ антропоген текті негізгі әуелгі газдардың шоғырлануы мен ағыстарын зерделеу; атмосфераның құбылуын зерделеу; *in situ* датчиктерін және қашықтан басқару датчиктерін пайдалана отырып, жер атмосферасы шекарасынан биіктегі фотохимиялық тектес объектілерін мезгілде өлшеу; жер серігі аппаратурасына арналған номенклатураны үйлестіру мен бірегейлендіруді қоса әртүрлі нүктеден және әртүрлі аспаптардан алынған деректерді салыстыру; атмосфералық қосымшалардың, негізгі ізінің, күн радиациясының спектрлік ағысы метеорологиялық сипаттардың үш өлшемдік бейнесін алу;

IV) атмосфералық қосындылардың ізін, күн радиациясының ағысы мен метеорологиялық параметрлерді өлшеу үшін жер серігіндік және серігіндік емес датчиктерді қоса аспаптар әзірлеу;

б) Озон қабатындағы өзгерістердің адамның денсаулығына, биосфераға және фотосыдырау процестеріне әсерін зерттеу.

I. Адамның көрінеу әсірекүлгін күн сәулесіне ұшырауының

а) меланомдық емес, сондай-ақ меланомдық тері рагының өршуімен әрі б) иммунологиялық жүйесіне ықпалмен байланысы;

II. ОК-В сәуле шашуының әуедегі толқынның ұзындығына қарай а) ауыл шаруашылығы дақылдарына, ормандарға және құрлықтың басқа да экожүйелерге б) су жүйелерінің тағамдық желісі мен балық шаруашылығына ықпалы, сондай-ақ теңіз фитопленктонының оттегін бөлуін тежеу ықтималдығы;

III. ОК-В сәуле шашуының мысқалының қуатының және тітіркену арасындағы байланысты қоса, биологиялық заттарға, түрлерге және экожүйелерге ықпалының, тетіктері; фоторепарация, бейімделу және қорғану;

IV. Өрекеттің биологиялық спектрлерін және полихроматтық сәулеленуге спектрлік тітіркенуді зерделеу жолымен аумақтардың әртүрлі толқын ұзындығымен ықтималды өзара өрекетін анықтау;

V. ОК-В сәулеленуінің биосфера балансында маңызды рөл атқаратын биологиялық түрлердің сезімталдығы мен белсенділігіне; фотосинтез бен биосинтез сияқты бастапқы табиғи процесстерге ықпалы;

VI. ОК-В сәулеленуінің ластанушы заттардың, ауыл шаруашылығы химикаттарының және басқа материалдардың фотосыдырауына ықпалы.

С. Климатқа ықпалды зерттеу

I. Озонның және басқа микроэлементтердің радиациялық ұтырына және құлық пен мұхиттардың бетінің температурасы, жауын-шашынның түрі, тропосфера мен стратосфера арасындағы алмасу сияқты климат сипаттамасына әсерін теориялық зерттеу мен байқау жүргізу;

II. Климаттың осындай өзгерістерінің адам қызметінің әрқилы түрлеріне әсерін зерттеу;

d) Мыналарды жүйелі түрде:

I. Озон қабатының жағдайын (озонның жалпы құрамының және тік бітімінің кеңістіктегі және уақыт аралығындағы өзгермелілігі) байқаудың жер серігіндік және жердегі жүйелерін топтастыруға негізделген озон қабатын байқаудың ауқымдық жүйесін түпкілікті іске қосу жолымен байқау;

II. Тропосфера мен стратосферадағы әуелгі газдардың шоғырлануын, олардағы NO_x, NO_x пен ClO_x құрамына сондай-ақ көміртегілік қоспаларды байқау;

III. жердегі, сондай-ақ жер серігіндік жүйелерді пайдаланып, жер бетінің мезосфераға дейінгі температурасын байқау;

IV. жер серігінен алынған деректерді пайдаланып, жер атмосферасына жететін күн радиациясы ағысы толқынының құрамын, оны тастап шығатын жылу сәулесін байқау;

V. спектердің әсіре күлгін бөлігінде жер бетіне дейін жететін және тірі организмдерге (ОК-Ф) әсер ететін күн радиациясы ағысының толқындық құрамын байқау;

VI. байқаудың жердегі, ұшақтық және жер серігіндік жүйелерін пайдаланып, жер бетінен мезосфераға дейінгі қабаттағы аэрозолдердің қасиеттерін және таралуын байқау;

VII. жоғары сапалы метеорологиялық үстіңгі өлшеулерді жүзеге асыру негізінде климатология үшін зор маңызы бар ауыспалылықтарды байқау;

VIII. аумақтық деректерді саралаудың неғұрлым жетік әдістерін пайдалан отырып, микроэлементтерді, температураны, күн радиациясының ағысын және аэрозолдердегі байқау.

3. Конвенция Тараптары дамушы елдердің айырықша қажеттіліктерін ескере отырып, осы қосымшада көрсетілген зерттеулерге және жүйелі байқауларға қатысуға қажетті

сенімді ғылыми-техникалық әзірлікті көтермелеу жөнінен ынтымақтасады. Салыстырмалы немесе жүйеленген деректер түзу үшін аспаптарды қайшыластыра дәлелдеу мен әдістерді келісіп алуға айырықша назар аудару қажет.

4. Еркін реттілікпен тізіліп отырған табиғи немесе антропогендік

тегі бар мына химиялық заттар озон қабатының химиялық және физикалық қасиеттерін өзгерте алады:

а) Көміртегі тектес заттар

I. Көміртегі тотығы (CO)

Көміртегі тотығының маңызды табиғи және антропогендік көздері бар, әрі шамалау бойынша, тропосферадағы фотохимиялық процесстерде тікелей рөл және стратосфераның фотохимиялық процесстерінде жанама рөл атқарады.

II. Көміртегінің қостотығы (CO₂)

2

Көміртегінің қос тотығының маңызды табиғи және антропогендік көздері болады және стратосферадағы озонға атмосфераның жылу құрылымына ықпал жасау жолымен әсер етеді.

III. Метан (CH₄)

4

Метанның табиғи, сондай-ақ антропогендік көздері болады және тропосфералық та, стратосфералық та озонға әсер етеді.

IV. Көмірсутегінің метандық емес түрлері

Көмірсутегілердің метандық емес түрлері көптеген химиялық заттардан тұрады, табиғи, сондай-ақ антропогендік көздері болады және тропосферадағы фотохимиялық процесстерде тікелей рөл, ал стратосферадағы фотохимиялық процесстерде жанама рөл атқарады.

б) Азоттық заттар

I. Азот тотықпасы (N₂O)

2

Сипаты жөнінен N₂O негіздерінің басым бөлігі табиғи болып келеді,

2

алайда олардың антропогендік әсері барған сайын зор маңыз алып келеді. Азот тотықпасы – стратосфералық NO_x-тің негізгі көзі, стратосферадағы озонның мөлшерін реттеуде шешуші рөл атқарады.

II. Азот тотықтары (NO_x)

Жердегі NO_x-тің көздері тропосфераның фотохимиялық процесстерінде ғана тікелей маңызды рөл атқарып, ал стратосфераның фотохимиясында жанама рөл атқарады, бұл ретте NO_x-ті тропопаузаға таяудан енгізу тропосфераның жоғарғы қабаттарында және стратосферада тікелей өзгерістерге әкеліп соқтыру мүмкін.

с) Хлорлы заттар

I. Толығымен галоидталған алқандар, мәселен CCl₄; CFCl₃,

3

(CFC-11), CF₂Cl₂ (CFC-11), CF₂Cl₂ (CFC-12), C₂F₆Cl₂ (CFC-113), C₂F₆Cl₂ (CFC-114).

2 2

2 2

2 3 3

2 4

4

Толығымен галоидталған алқандар антропогенді болып табылады, әрі ClO_x-тің көзі

ретінде әрекет жасайды, ол болса, озонның фотохимиясында, негізінен 30-50 км биіктікте түбегейлі рөл атқарады.

II. Ішінара галоидталған алқандар, мәселен CH_3Cl , CH_2Cl_2 (CFC-22),

3 2

CH_2Cl_2 , CH_2F_2 (CFC-21).

3 3 2

Жоғарыда аталған ішінара галоидталған алқандардың басқалары антропогендер тегінен шығып отырған уақытта CH_3Cl -дің шыққан көздері табиғи көздер болып табылады. Бұл газдар сондай-ақ стратосфералық ClOx -тің көздері ретінде көрінеді.

d) Бромды заттар

Толығымен галоидталған алқандар, мәселен CF_2Br_2

3

Бұл газдар антропогенді газдар болып табылады, әрі BrOx -тің көзі ретінде әрекет жасайды, бұлардың әрекеті ClOx -тің әрекетіне сәйкес келеді.

e) Сутегілік заттар

I) Сутегі (H)

2

Табиғи және антропогендік көзден бастау алатын сутегі стратосферасының фотохимиясында елеусіз рөл атқарады.

II. CO_2

2

Табиғи көздерден бастау алатын CO_2 тропосфералық, сондай-ақ стратосфералық фотохимияда маңызды рөл атқарады. Стратосферадағы CO_2 буының көздері метанның тотығуы, одан азырақ мөлшердегі сутегінің тотығуы болып табылады.

II қосымша АҚПАРАТ АЛМАСУ

1. Конвенция Тараптары ақпараттар жинау және онымен алмасу Конвенциясы жүзеге асырудың маңызды құралы, әрі қабылдануы мүмкін кез келген шараның орынды да әділетті болатындығының кепілі деп таниды. Сондықтан Тараптар ғылыми, техникалық, әлеуметтік-экономикалық, іскерлік, коммерциялық және құқықтық ақпаратпен алмасып отырады.

2. Конвенция Тараптары қандай ақпаратты жинау және қандай ақпаратпен алмасу керек деген мәселені шешкен кезде ақпараттың пайдалылығын және оны алудың құнын ескеруге тиіс. Тараптар алдағы уақытта осы қосымшада айтылып отырған ынтымақтастық ұлттық заңдармен, қаулылармен және патенттерге, сауда құпиялары мен оңаша әрі патенттелген ақпаратқа қатысты іс-тәжірибесімен үйлесетіндей болуға тиіс деп таниды.

3. Ғылыми ақпарат

Оған:

a) мемлекеттік немесе жекеше негізде ғылыми-зерттеу бағдарламаларын үйлестіруді жеңілдету және сол арқылы қолдағы ұлттық және халықаралық ресурстарды неғұрлым тиімді пайдалану мақсатында жоспарланып, жүргізілетін ғылыми зерттеулер туралы ақпарат;

b) зерттеулер үшін қажет тастандылар туралы деректер;

c) жер атмосферасының физикасы мен химиясы, оның өзгерістерді сезгіштігі мәселелері бойынша, әсіресе озон қабатының жағдайы мен жалпы мазмұндағы немесе кез келген уақыт аралығындағы озонның тік бетінің өзгерістерінің адам денсаулығы, айналадағы орта мен климат үшін зардаптары мәселелері бойынша арнаулы ғылыми әдебиеттер де жарияланған ғылыми нәтижелері туралы ақпарат;

d) ғылыми зерттеулердің нәтижелеріне баға мен болашақ зерттеулер үшін жасалатын ұсыныстар туралы ақпарат жатады.

4. Техникалық ақпарат

Оған:

а) озон қабатын өзгертетін заттардың тасталуын қысқартуға мүмкіндік беретін химиялық алмастырғыштардың және баламалы технологиялардың барлығы және құны туралы, сондай-ақ осыған байланысты жоспарланып отырған немесе жүргізілетін зерттеулер туралы ақпарат;

б) химиялық және басқа алмастырғыштар мен баламалы

технологияларды пайдалануға байланысты шектеулер мен ықтимал тәуекел туралы ақпарат жатады.

5. Қосымшада айтылған заттарға қатысты әлеуметтік-экономикалық және коммерциялық ақпарат

Оған:

а) өндіріс және өндірістік қуат ақпарат;

б) өнімді пайдалану және пайдалану жосығы туралы ақпарат;

с) импорт/экспорт туралы ақпарат;

д) жанама түрде озон қабатында өзгеріс туғызуы мүмкін адам қызмет түрлерінің шығасысы, тәуекелі мен тиімдісі туралы, әрі осы қызметті реттеу үшін қолданылып немесе жоспарланып отырған шаралар туралы ақпарат жатады.

б. Құқықтық ақпарат

Оған:

а) озон қабатын қорғауға қатысты ұлттық заңдар, әкімшілік шаралар мен құқықтық зерттеулер туралы ақпарат;

б) озон қабатын қорғауға қатысты екі жақты келісімдерді қоса халықаралық келісімдер туралы ақпарат;

с) озон қабатын қорғауға қатысты патенттерді лицензиялаудың әдістері мен шарттары және ондай патенттердің болуы туралы ақпарат жатады.

Озон қабатын қорғау жөніндегі
өкілетті өкілдердің конференциясы
Вена, 1985 жылғы 18-22 наурыз

Озон қабатын қорғау жөніндегі
Өкілетті өкілдер конференциясының Қорытынды актіні
қабылдау сәтінде жасалған
МӘЛІМДЕМЕ

Конференцияда 1985 жылғы 21 наурызда ұсынылған 1-3 тармақтарда баян етілген мәлімдеулер, 1985 жылғы 22 наурызда ұсынылған 4 және 5 тармақтарда баян етілген мәлімдеулер Қорытынды актіге қосымша ретінде қаралуға тиіс деп ұйғарылған болатын.

1. Австралияның, Австрияның, Бельгияның, Германия Федеративтік Республикасының, Данияның, Италияның, Канаданың, Нидерландияның, Жаңа Зеландияның, Норвегияның, Ұлыбритания Біріккен Корольдігі мен Солтүстік Ирландияның, Финляндияның, Францияның, Чилидің, Швейцария мен Швецияның делегациялары Озон қабатын қорғау жөніндегі Вена Конвенциясында тараптардың бірінің өтініші бойынша дауларды үшінші тараптардың міндетті түрде реттеуі туралы тиісті қағиданың болмауына байланысты екінші білдіреді. Мұндай ресімді дәстүрлік тұрғыдан қолдау отырып, аталған делегациялар Конвенцияның барлық Тараптарын мүмкіндікті пайдаланып, Конвенцияның II бабының 3 тармағына сәйкес мәлімдеме жолдауға шақырады.

2. Египет делегациясы озон қабатын қорғауды қоса айналадағы ортаны сақтау жөніндегі халықаралық және ұлттық күш жігерге өз үкіметінің маңыз беретіні туралы тағы да мәлімдейді. Осы себептерден де ол әуелден-ақ Озон қабатын қорғау жөніндегі өкілетті өкілдер конференциясына әзірлік және Конвенция мен қарарларды бекітуге қатысты Конвенцияның I бабы бойынша мақұлдасуға қосыла отырып, Египет делегациясы осы баптың 6 тармағын егер олар бапта баяндалған шарттарды қанағаттандыратын болса, атап айтқанда, олар Конвенция реттейтін мәселелерде құзыреті болса, әрі өз ресімдерінің ішкі ережелеріне сәйкес өздерінің мүше мемлекеттерінен лайықты түрде өкілдіктер алған болса, Африка бірлігі ұйымы мен Араб мемлекеттері лигасын қоса барлық аймақтық

ұйымдарға қолдануға болады деп санайды. Конвенцияның 2 бабы бойынша мақұлдасуға қосыла отырып, Египет делегациясы осы баптың 2 тармағының бірінші сөйлемі кіріспенің үшінші тармағының ережесінде ұсынылуға тиіс деп санайды. Ұйымдастыру мен қаржы шаралары жөніндегі N I Қарар бойынша мақұлдасуға қосыла отырып, Египеттің делегациясы өзінің осы қарардың кіріспесінің үшінші тармағын құптауы мүше мемлекеттер арасындағы жарна бөлісінің әдісі хақындағы өзі ұсынатын тұғырға қайшы келмейтінін мәлімдейді; бұл ретте (ШС.94) 13 әзірлік құжатын талқылау барысында өзі қолдау көрсеткен 2 нұсқауға назар аудару қажет, оған сәйкес шығыстардың 80 процентін өнеркәсібі дамыған елдер жабады, ал қалған 20 проценті Біріккен Ұлттар Ұйымы жарналар деңгейшесінің негізінде мүше мемлекеттердің арасында бөлінеді.

3. Хлорфторкөміртегі туралы Хаттамаға қатысты N 2 Қарар хақында Жапония делегациясы Хаттамаға байланысты жұмысты жалғастырудың тиімділігі жөнінде шешім қабылдауды Озон қабатын қорғау жөніндегі үйлестіру комитетінің жұмыс нәтижелері алынғанға дейін кейінге қалдыра тұру қажет деп санайды. Екіншіден, жоғарыда аталған қарардың 6 тармағына келгенде, Жапония делегациясының пікірінше, хлорфторкөміртегінің тастандысын бақылау тәртібі туралы шешімді әр елдің өзі қабылдауға тиіс.

4. Испания делегациясы Конференция Төрағасының 1985 жылғы 21 наурыздағы мәлімдемесіне сәйкес өз үкіметі. Хлорфторкөміртегі туралы Хаттама жөніндегі қарардың 6 тармағының өндіру мен пайдалануға байланысты өз лимиттерін бақылауға алу ұсынылып отырған жекелеген елдерге ғана айырықша қатысы бар, ал үшінші елдерге немесе осындай елдерге байланысты аймақтық ұйымдарға қатысы жоқ деп санайтынын атап көрсетеді.

5. Америка Құрама Штаттарының делегациясы Конвенцияның 15 бабы, өз пікірінше, экономикалық ынтымақтың өзіне мүше мемлекетінің бірде-бір Конвенцияға немесе тиісті хаттамаға қатысушы болып табылмайтын әрбір аймақтық ұйымның бір ғана дауысы болатынын білдіреді деп мәлімдейді. Ол сондай-ақ 15 бап экономикалық ынтымақтық аймақтық ұйымдарының және оған мүше мемлекеттердің кез келген қосарлас дауыс беруіне рұқсат етпейтін деп санайды; өзгеше айтқанда, экономикалық ынтымақтық аймақтық ұйымдарының Конвенцияға немесе тиісті Хаттамаға қатысушы болып табылатын өздерінің мүше мемлекеттеріне қосымша дауыс беруге ешқашан құқығы болмайды және керісінше мүше мемлекеттердің де ондай құқығы болмайды.

Агенттік директоры